

**2010 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның бағасын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 19/223 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда N 8-2-106 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 5 сәуірдегі N 22/269 шешімімен

***Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010.04.05 N 22/269 шешімімен.***

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2010 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның бағасы б е л г і л е н с і н .

2. "2009 жылға арналған Жезқазған қаласы аумағында базарларда тауарларды сату құқығына берілетін бір жолғы талонның бағасын белгілеу туралы" қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 11/118 (2009 жылдың 8 қаңтарында Жезқазған қаласы әділет басқармасында 8-2-72 нөмірімен тіркелген және 2009 жылдың 10 қаңтарында "Сарыарқа" газетінің 3 (7496) нөмірінде ресми жарияланды), шешімі өз күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

4. Осы шешімнің орындалу барысын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

*Сессия төрағасы*

*Н. Ярмак*

*хатшысы*

*Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
Қ. Әбдіров*

*К е л і с і л д і :*

*"Жезқазған қаласы бойынша  
салық басқармасы" мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*

*Б.Д. Ахметов*

*22.12.2009 ж.*

шешіміне қосымша

**Жезқазған қаласындағы базарларда тауарларды сату құқығын беретін бір жолғы талонның құнын есептеу**

Базар атауы	мамандандыру	Сауда орнының түрі	Бір жолғы талонның айлық есептік көрсеткішпен бір күнге пайыздық құны
"Шаруа" базары Фирма "Арат" Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі 67	өнеркәсіптік	үлкен сөрелер	16,5
		кіші сөрелер	11,8
		көлік	39,3
	азық-түліктік	азық-түлік, ет сөрелер	18,10
		жеміс-жидек	11,8
		көліктен	39,3
"Нарық" базары "Панацея" ЖШС Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі, 12	өнеркәсіптік	павильоннан	18,85
		үлкен сөрелерден	16,5
		кіші сөрелерден	11,00
		көліктен	39,3
	азық-түліктік	ет сөрелері	17,3
		азық-түлік сөрелері	17,3
		жеміс-жидек	11
		көліктен	39,3
"Мерей" базары Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі, 60 а	өнеркәсіптік	үлкен сөрелерден	18,1
		орта сөрелерден	16,5
		кіші сөрелерден	11,8
"Турсынай-Ана" базары Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі	азық-түлік	үлкен сөрелерден	18,10
		кіші сөрелерден	11,8
"Жанся" базары Жезқазған қаласы, Абай көшесі	өнеркәсіптік	сөрелер	18,85
		автокөліктерді сатуды жүзеге асыру	7,85
Вокзал алаңындағы шағын-базар Жезқазған қаласы	өнеркәсіптік	сөрелерден	4,1
	азық-түлік	сөрелерден	4,2

